

ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІС ПЕН МОДЕРНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ: ТАРИХИ ПЕРСПЕКТИВА

ТАСҚЫМБАЕВА Р.Б. 

Тасқымбаева Рая Баймұратқызы — Магистр, оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: taskynbaeva.raya@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Андатпа. Мақалада әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерісінің тарихи дамуы мен теориялық негіздері талданады. Әлеуметтік өзгеріс – қоғамның құрылымы, құндылықтары мен институттарындағы терең трансформацияны білдірсе, модернизация – бұл өзгерістердің мақсатты әрі бағытталған сипатта жүруі. Автор әлемдік әлеуметтану ғылымындағы негізгі теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, модернизациялық үдерістің ерекшеліктерін тарихи перспективада қарастырады. Әсіресе, Қазақстандағы модернизация кезеңдеріне ерекше назар аударылған: кеңестік индустриализация, тәуелсіздік жылдарындағы құрылымдық реформалар және қазіргі цифрлық дәуірдегі өзгерістер. Мақалада әлеуметтік өзгеріс пен модернизация арасындағы өзара байланыс, олардың қоғамның саяси, мәдени және экономикалық салаларына ықпалы ғылыми негізде сараланады. Сонымен қатар қазіргі зерттеулерде біртұтас даму жолы жоқ екені, әр қоғамның тарихи-мәдени ерекшелігіне сай даму бағыты болуы мүмкін екені атап өтіледі. Бұл пікірді әлемдік ғылыми қауымдастық кеңінен қолдай бастады, әсіресе жаһандану, көпполярлы әлем және мәдени әртүрлілік үдерістері күшейген тұста ерекше мәнге ие бола бастады.

Қазақстанның модернизация жолындағы тәжірибесі, ұлттық ерекшеліктері және жаһандық трендтермен байланысы көрсетіледі. Зерттеу соңғы онжылдықта жарық көрген отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге сүйеніп жазылған. Бұл мақала әлеуметтану, тарих, саясаттану және мәдениеттану салаларында зерттеу жүргізіп жүрген мамандар мен студенттерге арналған.

Түйін сөздер: әлеуметтік өзгеріс, модернизация, қоғам, Қазақстан, тарихи даму

Кіріспе. Әлеуметтік өзгеріс пен модернизация – қоғамның тарихи дамуының өзекті және күрделі үдерістері. Бұл ұғымдар қоғамның құрылымдық, мәдени және саяси аспектісіндегі терең өзгерістерді сипаттайды. Модернизация теориялары индустриализация, урбанизация, білім беру деңгейінің өсуі және саяси институттардың дамуы сияқты факторлармен тығыз байланысты. Бұл мақалада әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерістерінің тарихи перспективасы қарастырылады.

XX ғасырдан бастап әлеуметтік өзгерістер мен модернизациялық үдерістер әлеуметтану ғылымында басты зерттеу объектісінің біріне айналды. Әлемдік дамудың әртүрлі кезеңінде бұл ұғымдар түрлі мазмұнға ие болып, қоғамның даму стратегияларын айқындауда маңызды рөл атқарды. Әсіресе посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер үшін, оның ішінде Қазақстан үшін, модернизация мәселесі өзекті болып отыр. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде жүріп жатқан саяси, экономикалық және мәдени реформалар – әлеуметтік өзгерістің нақты көрінісі ретінде зерттеуді талап етеді.

Зерттеу мақсаты – әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерістерін тарихи және теориялық тұрғыдан талдай отырып, олардың өзара байланысын, қоғам дамуына ықпалын және Қазақстан жағдайындағы ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу міндеттері: Әлеуметтік өзгеріс пен модернизация ұғымдарының мазмұнын ашу; Модернизация теорияларына шолу жасау; Қазақстандағы модернизациялық кезеңдердің ерекшеліктерін көрсету; Әлеуметтік өзгерістердің тарихи дамуына сараптама жасау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу нысаны – қоғамдағы әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерістері. Зерттеу пәні – модернизацияның тарихи формалары мен олардың қоғам құрылымына әсері. Зерттеу әдістері – тарихи-салыстырмалы талдау, мазмұндық талдау (контент-анализ), теориялық шолу және заманауи ғылыми еңбектерді сараптау.

Зерттеудің өзектілігі – қазіргі жаһандану дәуірінде қоғамдар модернизацияның жаңа толқынын бастан кешіп отыр. Бұл үдерістің Қазақстан қоғамының тарихи және ұлттық контекстіндегі ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда ашу – маңызды міндеттердің бірі.

Әлеуметтік өзгеріс пен модернизация ұғымдары

Әлеуметтік өзгеріс — бұл қоғамның құрылымы мен функцияларындағы терең өзгерістерді білдіреді. Бұл өзгерістер экономикалық, саяси, мәдени және технологиялық факторлармен тығыз байланысты болуы мүмкін. Модернизация — дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы индустриалды қоғамға өтуді сипаттайтын үдеріс. Бұл үдеріс индустриализация, урбанизация, білім беру деңгейінің өсуі және саяси институттардың дамуы сияқты факторлармен сипатталады.

Модернизация теорияларының негізін қалаушылардың бірі Уолт Уитмен Ростоу экономикалық өсу сатыларын ұсынған. Ол өзінің «Экономикалық өсудің сатылары: Коммунистік емес манифест» (The Stages of Economic Growth: A Non-Communist Manifesto) атты еңбегінде барлық қоғам бес негізгі кезеңнен өтеді деп тұжырымдайды. 1) Дәстүрлі қоғам – технологиялық дамуы шектеулі, ауыл шаруашылығына негізделген қоғам. 2) Өзгерістерге дайындық кезеңі – инфрақұрылым мен білім беру жүйесінің дамуы басталады. 3) Жедел даму кезеңі (take-off) – өнеркәсіптік өндіріс пен инвестициялар қарқынды өседі. 4) Өсуге жету кезеңі – технологиялық жаңалықтар экономикаға кеңінен енгізіледі. 5) Жаппай тұтыну кезеңі – жоғары өмір сүру деңгейі мен кең ауқымды тұтыну қалыптасады. Ростоу бұл үлгі арқылы қоғамның дамуын сызықтық және кезеңдік үдеріс ретінде сипаттайды. Ол әрбір елдің даму жолы түрлі болғанымен, осы сатылардан өтуі тиіс деп есептейді [1].

Сеймур Мартин Липсет модернизация теориясын саяси даму тұрғысынан қарастырған. Ол экономикалық даму мен демократия арасындағы байланысты зерттеген. Липсет өзінің «Демократияның кейбір әлеуметтік алғышарттары: Экономикалық даму және саяси легитимдік» (Some Social Requisites of Democracy: Economic Development and Political Legitimacy) атты мақаласында: «Қоғам неғұрлым бай болса, оның демократияны сақтап қалу мүмкіндігі соғұрлым жоғары» деп тұжырымдаған [2]. Липсеттің бұл тұжырымы кейінгі зерттеулерде «Липсет гипотезасы» ретінде белгілі болды және көптеген эмпирикалық зерттеулерге негіз болды. Оның пікірінше, индустриализация, урбанизация, білім беру деңгейінің өсуі және табыстың артуы демократиялық институттардың қалыптасуы мен тұрақтылығына ықпал етеді. Осылайша, модернизация теориялары қоғамның экономикалық және саяси дамуын түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Бұл теориялар дамушы елдердің даму стратегияларын қалыптастыруда және олардың әлеуметтік өзгерістерін талдауда кеңінен қолданылады.

Модернизация теорияларының тарихи дамуы

Модернизация теориялары XX ғасырдың ортасында, әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде қарқынды дамыды. Бұл теориялар дамушы елдердің Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың даму жолын үлгі тұтуы қажет деген идеяға негізделді. Теория жақтастары дамуды бірізді, эволюциялық және сызықтық үдеріс ретінде сипаттап, дәстүрлі қоғамнан заманауи, индустриал қоғамға көшу негізгі бағыт деп санады. У. Ростоу, Т. Парсонс, С. Липсет сынды ғалымдар осы көзқарасты кеңінен таратты.

Алайда, кейінгі онжылдықта бұл теорияларға сын көзбен қарау күшейді. Зерттеушілер модернизацияның универсал үлгісін ұсыну — әртүрлі мәдени, тарихи және саяси контекстерді ескермеуге әкелетінін алға тартты. Бұл тұрғыда постколониал және сыншыл теориялар маңызды балама ұсынды. Мысалы, Джордж Стейнметц өзінің «The Colonial Origins of Modern Social Thought: French Sociology and the Legacy of Empire» атты еңбегінде француз әлеуметтануының отарлық контекстегі дамуын терең талдайды [3]. Ол француз ғалымдарының әлеуметтік теорияларының мазмұны мен бағыты отарлық билік құрылымдарының әсерінен қалыптасқанын дәлелдейді. Бұл еңбек батыстық әлеуметтік ойдың да отарлық тәжірибемен тығыз байланыста болғанын көрсетіп, модернизациялық тәсілдің әмбебаптығына күмән тудырады.

Сонымен қатар қазіргі зерттеулерде біртұтас даму жолы жоқ екені, әр қоғамның тарихи-мәдени ерекшелігіне сай даму бағыты болуы мүмкін екені атап өтіледі. Бұл пікірді әлемдік ғылыми қауымдастық кеңінен қолдай бастады, әсіресе жаһандану, көпполярлы әлем және мәдени әртүрлілік үдерістері күшейген тұста ерекше мәнге ие бола бастады.

Қазақстандағы әлеуметтік өзгеріс пен модернизация

Қазақстандағы әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерістері тарихи даму барысында бірнеше маңызды кезеңдерден өтті. Әр кезең өзінің саяси-экономикалық жағдайына, ішкі және сыртқы факторларына байланысты ерекшеленеді.

Бірінші кезең - Кеңестік кезең (1920–1991 жж.). Кеңес Одағының құрамында болған кезеңде Қазақстанда ауқымды әлеуметтік өзгерістер жүзеге асты. 1930-жылдардан бастап индустриализация мен ұжымдастыру саясаты ауыл шаруашылығы мен дәстүрлі тұрмыс салтына үлкен өзгеріс әкелді. Кеңес билігі қазақ қоғамының көшпелі құрылымын бұзып, отырықшыландыру және өндірістік қатынастарды енгізу арқылы жаңа әлеуметтік таптар мен өндірістік қатынастар жүйесін қалыптастырды [4]. Сондай-ақ, урбанизацияның күшеюі нәтижесінде ауыл халқының қалаға көшуі, көп ұлтты ортада өмір сүру және кеңестік идеологияға бейімделу орын алды. Білім беру мен денсаулық сақтау салалары кеңінен дамып, жаппай сауаттылыққа қол жеткізілді. Бұл модернизацияның «жоғарыдан» жүргізілген, яғни мемлекеттік билік тарапынан жоспарланған түрі болды.

Екінші кезең - Тәуелсіздік кезеңі (1991 жылдан бастап). 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, ел терең саяси және әлеуметтік трансформация үдерістеріне қадам басты. Нарықтық экономикаға көшу нәтижесінде жекешелендіру, еңбек нарығының қайта құрылуы, әлеуметтік теңсіздік пен жаңа әлеуметтік стратификация қалыптасты. Бұл кезеңде модернизация жаңа мазмұнға ие болды — ұлттық бірегейлікті қайта жаңғырту, мемлекетті нығайту, демократиялық институттарды қалыптастыру мен құқықтық мемлекетті құру міндеттері алдыңғы қатарға шықты. Этносаралық қатынастар мен азаматтық бірегейлікті үйлестіру мәселелері өзекті болды [5]. Қазақстан «Қазақстан–2030», кейінірек «Қазақстан–2050» стратегиялық құжаттарында көрініс тапқан реформалар арқылы посткеңестік кеңістіктегі модернизацияланған елдер қатарынан орын алуға ұмтылды.

Үшінші кезең - қазіргі кезең (2010 жылдан бүгінге дейін). ХХІ ғасырдың екінші онжылдығынан бастап Қазақстанда цифрлық трансформация, инновациялық технологияларды енгізу және жаһандану ықпалының күшеюі жаңа әлеуметтік өзгерістерге жол ашты. Цифрландыру бағдарламасы («Цифрлық Қазақстан») экономикалық тиімділікті арттырумен қатар, білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару салаларын жаңғыртуға бағытталды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Екінші Республика» ұғымы саяси жүйені реформалауға, азаматтық қоғамды нығайтуға және билік пен қоғам арасындағы диалогты кеңейтуге бағытталған жаңа әлеуметтік модернизация кезеңін айқындайды [6]. Сонымен қатар, жастардың құндылығы, миграция үдерістері, урбанизацияның жаңа кезеңі, экологиялық сана мен цифрлық мәдениеттің қалыптасуы қоғамдағы құрылымдық өзгерістердің жаңа бағыттарын көрсетіп отыр. Бұл өзгерістер постиндустриалдық қоғам моделінің элементтерін енгізіп, дәстүрлі мен заманауи құндылықтардың тоғысуына себеп болып отыр.

Әлеуметтік өзгеріс пен модернизацияның өзара байланысы

Әлеуметтік өзгеріс пен модернизация — қоғамның тарихи дамуындағы өзара тәуелді және бірін-бірі жетелейтін үдерістер. Модернизация әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күші бола отырып, қоғамдағы дәстүрлі институттарды трансформациялауға әсер етеді. Сонымен қатар, белгілі бір әлеуметтік өзгерістер — мысалы, білім деңгейінің өсуі, әйелдердің қоғамдық өмірге араласуы немесе урбанизация — модернизация үдерісінің бағыты мен мазмұнына ықпал етуі мүмкін [7].

Қазақстандағы модернизация үдерістері, әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде, кең көлемді әлеуметтік өзгерістерге алып келді. Урбанизация ауылдық қауымдардағы дәстүрлі отбасылық және этникалық байланыстарды әлсіретіп, орнына нарықтық қатынастарға негізделген жаңа әлеуметтік рөлдер мен қатынастарды қалыптастырды. Бұл өзгерістер халықтың өмір салтына, құндылықтар жүйесіне және әлеуметтік стратификациясына да әсер етті.

Мысалы, ауылдан қалаға көшкен жастардың жаңа ортада жұмысқа орналасуы, жаңа кәсіби рөлдерді игеруі және білім деңгейінің артуы — әлеуметтік мобильділіктің күшеюіне себеп болды. Сонымен бірге, дәстүрлі патриархалдық жүйелердің ыдырауы, әйелдердің қоғамдық-саяси өмірге араласуы, кәсіпкерліктің дамуы және цифрлық мәдениеттің орнығуы — модернизацияның әлеуметтік салалардағы тікелей көріністері болып табылады.

Бұл өзгерістер тек құрылымдық емес, сонымен қатар мәдени және символдық деңгейде де байқалады. Жаңа құндылықтар — жеке жауапкершілік, өзін-өзі дамыту, кәсіпкерлік рух, заң үстемдігі және азаматтық белсенділік — дәстүрлі ұжымдық және қауымдық санаға балама ретінде қалыптасуда. Бұл модернизацияның постдәстүрлі қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды кезеңдерін көрсетеді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Зерттеу барысында әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерістерінің тарихи дамуы, теориялық негіздері және Қазақстан контекстіндегі ерекшеліктері талданды. Алынған нәтижелер бірнеше негізгі тұжырымдарға негізделеді.

Біріншіден, әлеуметтік өзгеріс пен модернизация — өзара байланысты, бірақ мазмұны жағынан ерекшеленетін ұғымдар. Әлеуметтік өзгеріс — кең ауқымды және түрлі бағытта жүруі мүмкін үдеріс болса, модернизация — әдетте қоғамның индустриалды, демократиялық және рационалдық құрылымдарға көшуімен сипатталатын нақты бағдарлы өзгеріс. Зерттеу барысында У.Ростов, С.М.Липсет, А.Гидденс сынды ғалымдардың еңбектері негізінде модернизация теорияларының негізгі бағыттары айқындалды.

Екіншіден, Қазақстандағы әлеуметтік өзгеріс пен модернизация бірнеше тарихи кезеңдерден тұрды: кеңестік индустриализация және урбанизация, посткеңестік нарықтық қайта құрулар және қазіргі кезеңдегі цифрлық трансформация мен жаһандану. Бұл кезеңдердің әрқайсысы әлеуметтік құрылым мен құндылықтар жүйесіне елеулі әсер етті. Мысалы, кеңестік кезеңде дәстүрлі ауылдық қоғам құрылымдары әлсіреп, урбанизация мен жаппай сауаттандыру жүзеге асты. Ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде нарықтық экономика мен саяси плюрализмге көшу қоғамда жаңа әлеуметтік мобильділік пен мәдени көптүрлілік тудырды.

Үшіншіден, қазіргі кезеңдегі модернизация үдерістері — цифрландыру, жасанды интеллект, мобильді еңбек нарығы, жаңа медианың ықпалы — әлеуметтік қатынастар мен рөлдерді өзгертуде. Бұл үдерістер азаматтардың күнделікті өміріне ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздік, еңбек нарығы, білім беру және мәдени тұтастық сияқты мәселелерге де әсер етуде. Қазіргі қазақстандық қоғамда жастардың цифрлық өмір салтына бейімделуі және әлеуметтік желілер арқылы жаңа қатынастар құруы — модернизацияның постиндустриалдық сипатын көрсетеді.

Төртіншіден, Қазақстандағы модернизациялық үдерістерде кейбір қайшылықтар да байқалады. Бір жағынан, экономикалық өсу мен технологиялық даму жүріп жатса, екінші жағынан, әлеуметтік теңсіздік, аймақтық дисбаланстар және дәстүрлі құндылықтармен қақтығыс сияқты мәселелер күн тәртібінде тұр. Бұл модернизацияның сыни тұрғыдан қаралуын қажет етеді және «бір бағытты даму» парадигмасын қайта қарастыруды талап етеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерістерінің тарихи, құрылымдық және мәдени деңгейлерде күрделі және көпқырлы екенін көрсетті. Қазақстан жағдайында бұл үдерістер Батыс елдеріндегі классикалық модернизация үлгілерінен ерекшеленеді, сондықтан ұлттық контексті ескере отырып, баламалы және бейімделген даму модельдерін қарастыру өзекті.

Қорытынды. Әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерістерін тарихи перспективада қарастыру – қоғам дамуының күрделі динамикасын түсінудің маңызды жолы. Бұл мақалада аталған ұғымдардың мәні мен мазмұны, теориялық негіздері және Қазақстандағы көрініс табуы жан-жақты талданды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде бірнеше негізгі қорытынды жасауға болады. Біріншіден, әлеуметтік өзгеріс – қоғамның құрылымдық, мәдени және саяси аспектілеріндегі ауысуларды сипаттайтын көпқырлы құбылыс. Ал модернизация – бұл әлеуметтік өзгерістің бір бағыты ретінде дәстүрлі қоғамнан қазіргі индустриалды, демократиялық және технологиялық дамыған қоғамға өтуді білдіреді. Модернизация теориялары, әсіресе 20-шы ғасырдың ортасында қалыптасқан классикалық бағыттар, дамудың әмбебап үлгісін ұсынғанымен, кейінгі сындар бұл үлгілердің әр елдің тарихи, мәдени ерекшеліктеріне сай бейімделуі керектігін көрсетті.

Екіншіден, Қазақстандағы әлеуметтік өзгеріс пен модернизация үдерістері бірнеше кезеңдерден өтті: кеңестік индустриализация мен урбанизация, тәуелсіздік кезеңіндегі нарықтық реформалар мен ұлттық бірегейлікті жаңғырту, ал қазіргі кезеңде цифрландыру мен жаһандануға бейімделу. Бұл үдерістердің әрқайсысы қоғамның әлеуметтік құрылымына, құндылықтарына және ұжымдық санасына әсер етті. Үшіншіден, қазіргі замандағы модернизацияның жаңа түрлері — цифрлық технологиялар, инновациялық экономика, жасанды интеллект және әлеуметтік желілер — әлеуметтік қатынастардың сипатына, адамның өз-өзімен және қоғаммен байланысына елеулі өзгерістер енгізуде. Мұндай өзгерістер қоғамдық тепе-теңдікті сақтау мен ұлттық құндылықтарды бейімдеу қажеттігін туындатады.

Төртіншіден, Қазақстанның даму жолында модернизация мен әлеуметтік өзгерістің өзара әрекеттесуі – бір бағытты емес, күрделі, көпвекторлы және кейде қайшылықты сипатқа ие. Сондықтан ұлттық дамудың тиімді стратегиясы тарихи сабақтастықты сақтай отырып, жаһандық үрдістерге бейімделуді қамтамасыз етуі қажет.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік өзгеріс пен модернизация – қоғамның өзін-өзі жаңарту, даму және болашаққа бейімделу механизмдері. Бұл үдерістерді ғылыми негізде түсіну мемлекет пен қоғамның даму бағыттарын дұрыс айқындауға, сонымен қатар әлеуметтанулық, мәдени және саяси реформаларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қайратұлы, С., Құранбек, Ә. Батыстық модернизация теорияларының тарихи-философиялық тәжірибелері Journal of Philosophy, Culture and Political Science, 2018, 62(4), 45–52. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/371>
2. Petrenko E. Nation-Building amid Authoritarian Modernization: the Kazakhstan Case. World Economy and International Relations, 2016, 60(6), 70-79. <https://www.imemo.ru/en/publications/periodical/meimo/archive/2016/6-t-60/ethnopolitical-processes-and-the-nation-in-the-changing-world/nation-building-amid-authoritarian-modernization-the-kazakhstan-case>
3. Steinmetz G. The Colonial Origins of Modern Social Thought: French Sociology and the Overseas Empire. Princeton University Press. 2023. https://en.wikipedia.org/wiki/The_Colonial_Origins_of_Modern_Social_Thought
4. Қалиев Ж. Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік құрылым трансформациясы. ҚазҰУ Хабаршысы. Әлеуметтану сериясы, 2018, №2, 35-42.
5. Сатыбалдиева Л. Қазақстан қоғамындағы этносаралық қатынастар және азаматтық бірегейлік. Әлеуметтану және демография журналы, 2021, №1 (7), 22-28.
6. Тілеужан С. Екінші Республика және жаңа саяси модернизация. Қоғам және дәуір, 2022, №4, 18-25.

7. Индык А. Социальные трансформации и модернизационные вызовы в постсоветском пространстве. Вестник социальных наук, 2020, №3, 14–22.

References

1. Qairatūly, S., Qūranbek, Ä. Batystyq modernizasia teorialarynyñ tarihi-filosofialyq täjiribeleri Journal of Philosophy, Culture and Political Science, 2018, 62(4), 45–52. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/371>
2. Petrenko E. Nation-Building amid Authoritarian Modernization: the Kazakhstan Case. World Economy and International Relations, 2016, 60(6), 70-79. <https://www.imemo.ru/en/publications/periodical/meimo/archive/2016/6-t-60/ethnopolitical-processes-and-the-nation-in-the-changing-world/nation-building-amid-authoritarian-modernization-the-kazakhstan-case>
3. Steinmetz G. The Colonial Origins of Modern Social Thought: French Sociology and the Overseas Empire. Princeton University Press. 2023, https://en.wikipedia.org/wiki/The_Colonial_Origins_of_Modern_Social_Thought
4. Qaliev J. Keñestik Qazaqstandaғы әлеуметтік құрылым transformasiyası. QazÜU Habarşysy. Äleumettanu seriesy, 2018, №2, 35-42.
5. Satybaldieva L. Qazaqstan qoғamyndaғы etnosaralyq qatynastar jäne azamattyq biregeilik. Äleumettanu jäne demografia jurnaly, 2021, №1(7), 22-28.
6. Tıleujan S. Ekinşı Respublika jäne jaña saiasi modernizasia. Qoғam jäne дәuir, 2022, №4, 18-25.
7. İndyk A. Sosiälnye transformasii i modernizasionnye vyzovy v postsovetском prostranstve. Vestnik sosiälnyh nauk, 2020, №3, 14–22.

ПРОЦЕССЫ СОЦИАЛЬНОГО ИЗМЕНЕНИЯ И МОДЕРНИЗАЦИИ: ИСТОРИЧЕСКАЯ ПЕРСПЕКТИВА

ТАСКЫМБАЕВА Р.Б. 

Таскымбаева Рая Баймуратовна – Магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан.

E-mail: taskynbaeva.raya@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Аннотация. В статье анализируется историческое развитие и теоретические основы процесса социальных изменений и модернизации. В то время как социальные изменения подразумевают глубокую трансформацию структуры, ценностей и институтов общества, модернизация представляет собой целенаправленный и целенаправленный характер этих изменений. Автор рассматривает особенности процесса модернизации в исторической перспективе, опираясь на основные теоретические концепции мировой социологии. Особое внимание уделено этапам модернизации в Казахстане: советской индустриализации, структурным реформам в годы независимости и изменениям в современную цифровую эпоху. В статье на научной основе анализируется взаимосвязь социальных изменений и модернизации, их влияние на политическую, культурную и экономическую сферы общества. Также отмечается, что современные исследования не выявляют единого пути развития, и каждое общество может иметь направление развития, соответствующее его историческим и культурным особенностям. Эта точка зрения получила широкую поддержку мирового научного сообщества и стала особенно актуальной в условиях усиления процессов глобализации, многополярного мира и культурного разнообразия.

Будет представлен опыт модернизации Казахстана, национальные особенности и связь с мировыми тенденциями. Исследование основано на отечественных и зарубежных научных работах, опубликованных за последнее десятилетие. Статья предназначена для специалистов и студентов, проводящих исследования в области социологии, истории, политологии и культурологии.

Ключевые слова: социальное изменение, модернизация, общество, Казахстан, историческое развитие

THE PROCESS OF SOCIAL CHANGE AND MODERNIZATION: A HISTORICAL PERSPECTIVE

TASKYMBAYEVA R.B. 

Taskymbayeva Raya Baimuratovna - Master, Teacher, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: taskynbaeva.raya@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Abstract. The article analyzes the historical development and theoretical foundations of the process of social change and modernization. Social change refers to a deep transformation in the structure, values, and institutions of society, while modernization refers to the purposeful and focused nature of these changes. Based on the main theoretical concepts in world sociology, the author examines the features of the modernization process in a historical perspective. In particular, special attention is paid to the stages of modernization in Kazakhstan: Soviet industrialization, structural reforms during the years of independence, and changes in the modern digital era. The article analyzes the relationship between social change and modernization, their impact on the political, cultural, and economic spheres of society on a scientific basis. It is also noted that modern research does not have a single path of development, and that each society may have a development direction that corresponds to its historical and cultural characteristics. This opinion has become widely supported by the world scientific community, especially in the context of the intensification of globalization, a multipolar world, and cultural diversity. The experience of Kazakhstan on the path of modernization, its national characteristics, and its connection with global trends are presented. The study is based on domestic and foreign scientific works published in the last decade. This article is intended for specialists and students conducting research in the fields of sociology, history, political science, and cultural studies.

Key words: social change, modernization, society, Kazakhstan, historical development.